

Кафедра жетістіктері

Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы жүйелі түрде біліктілігін арттырады. Қазақстан Республикасы аясында, алыс шетелдерде де ұйымдастырылатын біліктілікті арттыру курстарында, семинарларда білімдерін жетілдіруде. Мәселен, п. ф. к. Ибраева Л. Б. «Көптілдік және мәдениаралық коммуникация мәселелері транслятология және русистика» XXI ғасыр РХДУ-де (Мәскеу қ., 2016 ж.), к. ф.н. Абдуалиев Т. М. –"ҚР жоо-ның оқытушылары" біліктілігін арттыру курсы (Өрлеу "орталығы, Алматы, 2015), оқытушылар Закирова Г. Ф., Даулеталиева Д. М., Байдулаева С. С. – «Жоғары білім заманауи тенденциялары» (Омск қ., 2015 ж.), ф.ғ.к., Тоқтағұл Б., ф.ғ.к., Ниетбайтегі Қ.А., магистр Болатова А. «Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды қолдану» семинары (ALEM-KZ орталығы, Алматы қ., 2016 ж.), магистр Айдарова Айғаным «Педагогикалық менеджмент» (Омск қ., 2016 ж.) біліктіліктерін көтерді.

5B011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті, 5B011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі мамандықтары бойынша бітірген түлектер мектептерде, колледждерде, білім орталықтарында, халықаралық компанияларда аударма саласында қызмет жасайды.